IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ**
**БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# ҚАЗАҚСТАН АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ (АУДИТ) БОЙЫНША ЕСЕБІ

**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ**

**6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті**

**Нұр-Сұлтан қ. – 2020 жыл**

## *САРАПТАМАЛЫҚ ТОП*



**Байдрахманов Досым Хасенович**
**Руководитель группы**
К.п.н., Начальник управления международного сотрудничества, Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

**Члены:**



**Абишева Эльмира Даулетовна**
**Национальный эксперт**
К.п.н., доцент, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая



**Сейітова Шынар Ботайкызы**
**Национальный эксперт**
Д.ф.н., доцент, декан гуманитарного факультета, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет



**Иманбетов Аманбек Нуркасимович**
**Национальный эксперт**
К.п.н., доцент, кафедра теории и методики физической культуры и спортивной подготовки, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова



**Дюзбенбекова Гульмира Кабдоловна**
**Представитель работодателей**
Директор школы № 27



**Нұрғазина Жансая Назымбекқызы**
**Представитель студентов**
Магистрант 2-го курса, Специальность «Иностранный язык: два иностранных языка», Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова

## *ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ НАҚТЫ ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕСТІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІ*

### *Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы «6В011700 – Казахский язык и литература» в Казахстанско-Американском свободном университете по каждому стандарту*

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Полное соответствие | Значительное соответствие | Частичное соответствие | Несоответствие |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | + | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | + | | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | + | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | | + | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | + | | | |

***МАЗМҰНЫ***

**1 ТАРАУ. АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТІ**
Кіріспе ………………………………………………………………..5
ЖОО-ның негізгі сипаттамалары ………………………………………..5
**2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**
Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі ………………………………………………………………………7
Кіріспе ………..…………………………………………………………..7
*Стандарт* 1
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты …...…………………………………………………………… 8
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару ………………………………………………………………...…11
*Стандарт* 3
Студенттер, студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау ……………………..………………………………...13
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер …19
Стандарт 5
Профессор-оқытушы құрамы ……………………………………………22
*Стандарт* 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ……………………………25
*Стандарт* 7
Қоғамды ақпараттандыру ………………………………………………..28
**3 ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ** ……………………………………………………………30
**ҚОСЫМША**
*Қосымша 1*
Сыртқы аудит бағдарламасы ……………………………………………33
*Қосымша 2*
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі ………………………………………36
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар тізімі ……………………51

## *1 ТАРАУ*

## *АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТ*

***Кіріспе***

«Қазақстан-Американдық Еркін университеті» ЖШС-ның білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылдың 11-12 маусым аралығында өтті.

Сыртқы аудит БСҚА-мен бірге сараптамалық топ жетекшісі әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (іс-сапар бағдарламасы, білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау жөніндегі есептер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне Білім беру ұйымына сапар басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

ЖОО басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ректормен ресми түрде танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша кафедралардың профессор-оқытушылар құрамымен, студенттер мен магистранттармен, түлектермен, жұмыс берушілермен материалдық-техникалық базамен, толық танысуға және сыртқы сарапшыларға университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есеп мәліметтерінің сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Сарапшылар аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша кафедраларды, аккредиттелетін бағдарламалардың бағыттары бойынша кафедралық ғылыми-зерттеу зертханаларын, Тіркеу офисі, кітапхана, жастар саясаты департаменті, оқу-әдістемелік Департаменті және оқу аудиторияларын т. б. қарап шықты.

Білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау бойынша есеп үлкен көлемді ақпараттан тұрады, онда мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет салалары талданды, күшті және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі дамыту үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталды. Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттарын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша оқу сабақтарына іріктеп аралауды жүргізді.

***ЖОО-ның негізгі сипаттамалары***

Университет 1994 жылы құрылған. 2010 жылы 23 карашада «Қазақстан Американдық еркін университетіне» ЖШС 070018 _Өскемен қаласы М. Горький к-шесі, 76 үй. СТН 181600072129 БИК ALMNKZKA берілген. Лицензия көлемі шектелмеген. Лицензия №0137478 Серия АБ.

Қазақстан-Американдық еркін университеті халықаралық серіктестіктегі меншік жоғары оқу орны болып табылады. ЖОО-ның басшылық құрамында – АҚШ азаматтары: қамқорлық кеңесінің төрағасы Маршалл Кристенсен, халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бойынша вице-президент Дэниел Бэлласт бар. 2014жыл университет өзінің 20 жылдығын атап өтті. ЖОО ҚР білім және ғылым Министрлігінің мемлекеттік үш аттестаттауынан өтті. Университеттің алты мамандығы ACBSP (АҚШ) (бағдарламалар мен алқалық бизнес-мектептердің ассоциациясы, АҚШ) ұйымының халықаралық мамандандырылған аккредитациясына ие болған. ЖОО негізгі басымдылығы - таңдаған мамандықтан басқа ағылшын тілі мен компьютерлік технологияны меңгерген мамандарды дайындау. Университет контингенті 3500-ден артық студенттер, магистранттар PhD докторанттарын құрайды.

Жыл сайын оқу үдерісіне 40- қа жуық шетелдік оқытушылар қатысады.

**ҚАЕУ-дің 25 жыл бойғы қызметінде:** 11000-ға жуық маман дайындалды, соның ішінде 4000-ы ағылшын тілін жетік меңгерген мамандар және оның 600-ге жуығы американдық бағдарлама арқылы екі диплом алған студенттер (қазақстандық және американдық) және компьютерлік технологияны, ағылшын тілін меңгергендігі туралы сертификат алған мамандар. Қазақстандық бағдарлама күндізгі оқыту түрі негізінде әр түрлі гуманитарлық бағыттағы мамандықтар бойынша соның ішінде, педагогикалық бағыттағы түлектер басқа ЖОО-мен салыстырғанда қолдарына дипломмен бірге ағылшын тілі мен компьютерлік технологияны меңгергені туралы сертификат алады және олардың бәсекеге қабілеттілігі артады, маман ретінде жаңа ұрпақты тәрбиелеу бойынша ауылдық мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік береді. ЖОО-ның түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі еңбек нарығында жоғары сұраныска ие.

6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының бакалаврларын дайындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика және психология» кафедрасында жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 31 қазан 2018 ж. № 604 бұйрығы). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 595 бұйрығы), «Педагог» кәсіби стандарты (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 08 маусымдағы № 133 бұйрығы).

Білім беру қызметі АБ 23.11.2010ж. №0137478 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады (Қосымша1.1). 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіптік қызметін білім беру саласында жүзеге асырады. Білім алушыларды оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингенті және берілетін дәреже туралы мәліметтер, сондай-ақ әрбір білім беру бағдарламасы үшін семестр бойынша білім алушылар саны 1.2 және 1.3 қосымшаларында көрсетілген.

Университетті менеджмент бойынша филофосия докторы (PhD), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі А. Мамбетказиев басқарады.

Заңды тұлғаның орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070018
Өскемен қаласы, М. Гоький көшесі, 76 үй.
+7(7232)500-300 + 7(7232)50-50-20-10 uka@mail.ru

## *2 ТАРАУ*

## *САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ*

### *Кіріспе*

Өзін-өзі бағалау есебінің нысаны Қазақстан-Американдық еркін университеті халықаралық серіктестіктегі меншік жоғары оқу орнының 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы болып табылады. Сыртқы аудит тексеруі 11-12 маусым күндері жүргізілді. Тексеру барысында «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дайындаудың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика және психология» кафедрасында жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 31 қазан 2018 ж. № 604 бұйрығы). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 595 бұйрығы), «Педагог» кәсіби стандарты (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 08 маусымдағы № 133 бұйрығы). Білім беру қызметі АБ 23.11.2010ж. №0137478 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады (Қосымша1.1).

2018-2019 оқу жылында Педагогика және психология кафедрасы құрамындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша штаттық кестеге сәйкес 1 филолог.ғ.д., 3 ғылым кандидаты, 3 филология магистрі қызмет жасайды. Кафедраның ғылыми әлеуеті – 33%.
Кафедра жұмысы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбиелік бағыттарда жүргізіледі. Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары - қазіргі қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануының салалары, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелері.

Кафедра ұжымы Еуропалық білім беру кеңістігіндегі біліктіліктің (Дублин дескрипторларының) бірінші деңгейі бойынша мамандар даярлайды.
Аталған бағдарлама аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге, өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін түсінетін құзыретті мамандар даярлануда. 6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» бағытында дайындалатын студенттердің кәсіби қызметі мәдениет және басқарма, білім беру, тұлғааралық және мәдениетаралық, тілдік, гуманитарлық білім мен филология аясында іске асырылады.
Есептің мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкестігін эксперттік талдау барысында төмендегілер анықталды.

***Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі***

***Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты***

***Дәлелдемелер және талдау:***

6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мақсаттары университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері университеттің бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған миссиясына сәйкес құрылған. 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаты – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша әмбебап, кәсіби құзыреттіліктерге ие, білім беру кеңістігінде құзыретті, бәсекеге қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау.
Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтырулармен өңделіп отырады. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген.
Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде үнемі сауалнама жүргізілетіндігі, оның нәтижелері және кері байланыс түрлері талданып отыратындығы да расталды. ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен, сонымен қатар университет және кафедра миссиясымен жақсы таныс екендіктері байқалды.
Қазақстан-Американдық еркін университетінің 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы жеті негізгі бағытты, мақсаттық индикаторларды және оларға қол жеткізу көрсеткіштерін қамтиды. Құжат ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің

отырысында қаралып, мақұлданды (04.12.2017 ж. №3 хаттама), ҚАЕУ Ғылыми кеңесінде бекітілген (22.05.2019 ж.№12 хаттама) және 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-сы бойынша жыл сайынғы ББ-ны әзірлеу үшін базистік негіз болып табылатыны көрінді. 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның білім алушылары мен оқытушылары ББ-ның миссиясын, мақсаттарын, міндеттерін түсінеді және қабылдайды, себебі даму стратегиясын әзірлеу және талқылау үдерісіне қатысады. Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты Ғылыми кеңестің шешімімен талқыланып, бекітілді (10.07.2019 ж. №14 хаттама). Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қайта қарау Мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда, ҚР БҒМ нормативтік құжаттарында, ЖОО жарғысында, университеттің академиялық саясатында және т. б. өзгерістерге байланысты қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Негізгі және арнайы (кәсіби) құзыреттер кешенін алу үшін бакалавр МЖМБС бойынша белгілеген жалпы білім беру пәндері (ЖБП), міндетті базалық (БП) және кәсіптендіру пәндер (КП), ЖОО компоненті және таңдау компонент пәндерін толық көлемде меңгеруі тиіс. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының (8 маусым 2017 ж. №133) бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартына толық сәйкес әзірленгендігі сыртқы аудит барысында расталды. Білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету аясындағы саясат пен мамандарды даярлау барысында білім беру бағдарламасын тұтынушылардың талаптарын, студенттердің басқару үдерісіне араласуын, білім беру бағдарламасын жүйелі түрде іске асыру, білім сапасын үнемі арттырып отыру негізге алынған. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға көңіл бөлінген.

Білім беру бағдарламаларының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға көңіл бөлінген. Студенттердің ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, СОӨЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай

жасалған.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ –ның құжаттарына сараптама жүргізілді. ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде ББ-ның жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен және жұмыс берушілермен сұхбат барысында байқалғаны, олардың білім беру бағдарламасының мақсаты және сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі бар мамандар дайындалып жатқандығы анықталды. ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.
Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік бере алатыны көрінді.

Білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерді қабылдау тұрақталған. ББ түлектерінің сұранысқа ие болуы және мамандықтың кадрлық құрамы талапкерлердің келуін қамтамасыз етеді.

Әрбір сессиядан кейін, келесі семестр басталғанда ЖОО АЖ жүйесінде «Оқытушы студент көзімен», «Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына қанағаттанушылығы» сауалнамалары жүргізіледі.

ЖОО жетістігін бағалаудың басты критерийі жұмысқа орналастыру болып табылатын қазіргі жағдайда 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-сы бойынша бітірушілердің жұмысқа орналасуының өсу үрдісі байқалады, бұл өңірде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сұранысқа ие екендігін көрсетеді. Соңғы үш жылда жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады: 2017 ж. – 60%; 2018 ж. – 75%; 2019 – 81,8%. (жұмысқа орналасу туралы ақпарат http://www.kafu.kz/akademicheskie-programmy-ru/kafedry/kafedra-pedagogiki-i-psikhologii.html сайтында ашық түрде берілген). Сонымен қатар, ҚАЕУ-дің 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша түлектердің орташа жалақысы Республика бойынша ең жоғарылардың қатарында. Мысалы, «Атамекен» ҚР ҰКП мәліметіне қарағанда, 2018 жылдың қорытындысы бойынша түлектер еңбекақысының

деңгейі Республика бойынша 3-ші орында (https://atameken.kz/ru/services/44-rejting-obrazovatel-nyh-programm-vuzov).

Ескерту: «6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ түлектері Қазақстан - Американдық еркін университетінде магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуларын жалғастыра алады» және жыл сайын кафедраның түлектерін жұмысқа орналастыру барысында, түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде білімдерін ЖОО-дан кейін білім беру бағдарламалары бойынша одан әрі қарай жалғастыруға ақыл-кеңес беріліп отырылады делінсе де, магистратура ашу жайлы ақпарат берілмеген.

***Жақсарту шаралары:*** Магистратура - жоғары білімнің бакалавриат деңгейінен кейін тереңдетілген кәсіптік мамандық беретін бағдарлама ашу үшін құжаттарды жинақтап, тиісті орындарға жіберу қажеттілігі туындайды.

**1 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

***Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару***

***Талдау және дәлелдемелер***

ҚАЕУ білім беру бағдарламалары халықаралық білім беру стандарттары - Ұлттық біліктілік шеңбері, Дублин дескрипторлары, Еуропалық біліктілік шеңбері негізінде әзірленеді. Университеттің ББ ұлтішілік нормативтік-құқықтық негізі ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы (26.11.2019ж. өзгерістер мен толықтыруларымен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 595 бұйрығы).); Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, 12.10.2018 ж. №563 өзгерістер мен толықтырулар), кәсіби стандарттар және т. б.болып табылады.

Университетте жоғарыда аталған құжаттардың негізінде университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, тиімділігін бағалау және жетілдіру рәсімін анықтайтын университет Ғылыми кеңесінің 10.07.2017 ж. № 10 хаттамасының шешімімен бекітілген ҚАЕУ Академиялық саясаты қабылданды. Ішкі өндірістік қажеттілікке, сондай-ақ ҚР заңнамасының өзгеруіне байланысты осы негізгі құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мысалы, жаңа ҚР МЖБС (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) қабылдануына байланысты ҚАЕУ Академиялық саясатына университеттің білім беру бағдарламаларын қайта қарауға қатысты өзгерістер енгізілді, бұл Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 26 қарашадағы №4 хаттамасымен расталған. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ЖОО-ның

бітіруші кафедраларының деңгейінде жүзеге асырылады, кафедраның ОӘС, университеттің отырысында жұмыс берушілер мен білім беру процесінің барлық қатысушыларының міндетті түрде қатысуымен және АСД директорының басшылығымен сараптамадан өткеннен кейін қаралады, университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу рәсімі оқытушылардың ғылыми мүдделерін және жұмыс берушілердің ресми хаттарымен ресімделген ұсыныстарын ескере отырып, алқалық, ашық түрде жүзеге асырылған (Қосымша2.1). Мүдделі ұйымдардың, кәсіпорындардың, мемлекеттік органдардың өкілдері тұрақты түрде өз еркімен, өтеусіз негізде кафедралардың оқу-әдістемелік секцияларының жұмысына қатысады, білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін ұсыныстар енгізеді және ұсынымдар береді, бұл жыл сайын кафедралардың ОӘК хаттамаларында тіркелген.

Әзірленген білім беру бағдарламалардың нормативтік талаптарға сәйкестігіне ішкі аудит жүргізетін АСД-ға жіберіледі және анықталған ескертулер болған жағдайда кафедраларға жетілдіруге қайтарылады, мақұлданған жағдайда ҚАЕУ-дің Ғылыми кеңесіне Төраға мен жұмыс берушілердің өкіліне бекітуге беріледі. ҚАЕУ-де қабылданған нормалардың орындалуын бақылауды ҚАЕУ Академиялық саясатына сәйкес университет әкімшілігі жүзеге асырады.

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті»ББ мазмұнын әзірлеу «Білім бакалавры» академиялық дәрежесін алуды қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасыҚР МЖМБС, жұмыс берушілер мен Дублин дескрипторларының талаптары негізінде қалыптасатын құзыреттер арқылы көрінетін оқыту нәтижелеріне бағытталған.

Күтілетін нәтижелер элективті пәндер каталогында көрсетіледі және әр пән бойынша жеке тұжырымдалған. Сонымен қатар, оқыту нәтижелері құзыреттіліктермен қатар, Модульдік білім беру бағдарламаларында, «ББ паспорты», «ББ мазмұны»деген 1,2 бөлімдерінде және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінде көрсетілген. 2019 жылдың мамыр айынан қыркүйек айына дейін ҚР БҒМ ЖБББЖ тізіліміне ББ енгізу кезінде университетте оқу пәндерінің көмегімен қалыптасатын оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицалары әзірленді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны ҚР МЖМБС, «Педагог» Кәсіби стандартымен, міндетті компонент пәндерінің типтік бағдарламаларымен анықталады және негізгі және арнайы (кәсіби) құзыреттер кешені түрінде оқу нәтижелеріне бағытталған. Модульдік білім беру бағдарламасы http://www.kafu.kz/component/attachments/requestLogin.htmlсайтында орналастырылған, «Педагогика және психология» кафедрасында және кітапханада бар. ББ ҚР БҒМ 20.04.2011ж. № 152 бұйрығымен бекітілген, 12.10.2018ж. №563 өзгерістер мен толықтырулары бар, Оқытудың кредиттік

технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес модульдік оқыту принципі бойынша құрылымдалды. Бір модульдің көлемі екі және одан да көп оқу пәндерін қамтиды немесе бір және одан да көп пәндерді оқу жұмысының басқа түрлерімен байланыстырады.
***Жағымды тәжірибелер:*** «Атамекен» ҚР ҰКП рейтингі бойынша 2018 жылы Қазақстан -Американдық еркін университетінің6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті»ББбітірушілерді жұмысқа орналастыру өлшемі бойынша Қазақстан Республикасының 51 ЖОО-ның ішінде 12-ші орында тұр, бұл осы білім беру бағдарламасының еңбек нарығындағы қажеттілігінің дәлелі болып табылады.

***Жақсарту шаралары:*** Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне танымал отандық және шетелдік ғалым-педагогтарды, инновациялық педагогикалық технологиялар авторларын, оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін жеткілікті дәрежеде тарту жақтары жайлы мәліметтер жоқ, сондықтан алдағы уақытта университет басшылығы осы мәселеге көңіл бөлгені дұрыс болар еді.

**2 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

***Стандарт 3. Студенттер, студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау***

***Дәлелдемелер және талдау:*** Білімалушылардың кәсіби өсуіне, еркін сезініп, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік жасалған. Дәріс сабақтарында студенттер тек тыңдаушы емес, өз ой-пікірін айтып, оны ғылыми тұжырымдармен дәйектеуді еркін меңгерген. Білім беруде интерактивті әдістерге басар назар аударылып, слайдтар, бейнематериалдар, интерактивті тақтамен жұмыс істеу арқылы білімалушылардың белсенділігіне орнталықтандырылған стратегиялар қолданылады. Университеттің академиялық саясатына байланысты студенттің жеке оқу жоспары (СЖОЖ) жасалып, әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясы анықталған. Өздік жұмыстар элективті пәндер мамандықтың нақты мақсаттары мен бағытына негізделген арнайы курстар бойынша беріледі. Типтік оқу жоспары, жұмыс оқу жоспары, жеке оқу жоспары (ТОЖ, ЖОЖ) басшылыққа алынған.

Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды тіркеуші кеңсесі ұйымдастырады. Бұл ретте білім алушылармен ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізу үшін білім алушыларды қолдау қызметтері (университеттің құрылымдық бөлімшелері) және эдвайзерлер тартылған. Білім алушы жоғары оқу орнының компоненті және таңдау компоненті шеңберінде таңдайтыны: 1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндер; 2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндер.

Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және меңгеру

тәртібі пререквизиттердің болуын есепке ала отырып жүзеге асырылған. Элективті пәндерге жазылу процедурасы декандарға, офис - тіркеушіге, оқытушы - эдвайзерлерге және білім алушыларға қатысты болады. Элективті пәндерге жазылу ЖОЖ қалыптастыра отырып, электрондық түрде жүзеге асырылады. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі кредитпен өлшенеді. ҚР МЖМБС сәйкес (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр бойы 30 академиялық кредитті игереді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Байланыс жұмысының бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысқа (ОБӨЖ) және толық өз бетінше орындалатын бөлімге (БӨЖ). Оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы ОБӨЖ кестесіне сәйкес ұйымдастырылады, онда білім алушы оқытушы тарапынан жеке кеңес алуға мүмкіндігі бар.ОБӨЖ оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейтін жеке кесте бойынша орындалады. ОБӨЖ барысында оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі мәселелері, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды орындау, семестрлік жұмыстарды, есептерді және БӨЖ тапсырмаларының басқа да түрлерін бақылау бойынша кеңес берулер жүргізілген.

Университет жыл сайын кафедра ұйымдастыратын олимпиадалар мен әр түрлі конкурстардың жеңімпаздарына гранттар мен жеңілдіктер ұсынады. Сондықтан 2015 жылы білім беру бағдарламасының білім алушысы Авильхан Хуанган 4 жылдық оқуға 30 %, 2016 жылы Жәмсап Ақерке-50%, 2018 жылы Кенжебекова Айдана – 50%, 2019 жылы Жорабекова Мадина – 50% жеңілдік берілген.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде білім алушы (эдвайзердің көмегімен) (ғылыми жетекшінің және ғылыми кеңесшінің басшылығымен) әр оқу жылына ЖОЖ құрайды. Білім алушының ЖОЖ-ға міндетті компонент пәндері және оқу қызметінің түрлері (практика, мемлекеттік емтихандар, ОЖ-дан дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу және қорғау және ЭПК-ден таңдау компонент пәндері кіреді. Білім алушылардың оқу жылына арналған жеке оқу жоспарлары негізінде білім беру бағдарламасының ЖОЖ әзірленеді. ЖОЖ-ға офис-тіркеуші, эдвайзер, білім алушы қол қояды және факультет деканы оны бекітеді. Білім алушы "PLATONUS" АЖ жеке кабинеті арқылы ЖОЖ орындалуын бақылауға мүмкіндігі бар (қосымша 3.2 – білім алушының ЖОЖ). Интернет желісінде ақпарат беру, университетте болатын жаңалықтарды жариялау мақсатында www.kafu.kz ресми сайты жұмыс істейді.

Университетте әлеуметтік жеңілдіктер мен сараланған қосымша ақылар

мен сыйақылардың пәрменді жүйесі жасалған. 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша барлық білім алушыларға ай сайын жеңілдікпен жол жүру билеттері беріледі. Университет жыл сайын грантта білім алушыларды арнайы жеңілдікпен жатақханада тұрумен қамтамасыз етеді. Университеттің электронды каталогы, әдебиеттер мен ресурстарды есепке алу бойынша қозғалыс, студенттік билеттерді жасау, кітап қорын жинақтау және ұйымдастыру, оқырмандарға қызмет көрсету және басқа да ақпараттық-аналитикалық функциялар «КАБИС» бағдарламасына негізделеді.

«КАБИС» жүйесінде қазақ тілі әліпбиіне толық қолдау көрсету жүзеге асырылды, бұл мемлекеттік тілде электрондық каталогтар жасау кезінде жұмысты жеңілдетеді. Электронды каталогта сұрыптау қазақ алфавиті бойынша жүзеге асырылады және құжаттарды іздеу кезінде қазақ әріптері мен бас әріптері есепке дұрыс алынады. Кітапхана-ақпараттық орталығының келесі толық мәтінді деректер қоры бар: «ҚАЕУ хабаршысы», (http://www.vestnik-kafu.info/), «KAFU Academic Journal» (http://www.kafu-academic-journal.info/), олардың сілтемелері университеттің ресми сайтында көрсетілген. Қазіргі уақытта пайдаланушылар келесі отандық толықмәтінді кітапханалық электрондық ресурстарға қол жеткізе алады: «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» (www.kazneb.kz); Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана (www.rmeb.kz.).

Ақпараттық ресурстарды кеңейту мақсатында кітапхана-ақпарат орталығы ай сайын өзінің ғылыми және оқу ресурстарын www.rmeb.kzРеспубликалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхананың дерекқорына салып отырады.

6В01701 "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасының білім алушылары кафедраның «МҒТСҰО» АҚ-да тіркелген (05.02.2019 жылғы №0119РКД0027, 27.12.2018 жылғы "BEST" тіл орталығымен № 23 келісім-шарт) «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне қоғамның әлеуметтік бейімделуінің тиімді жолдары және оны жүзеге асырудың лингвистикалық аспектілері» атты ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге белсенді қатысады. Жетекшісі - ф.ғ.к. Нурланова А.Н. Зерттеу тақырыбының мақсаты - қоғамда қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу үрдісіне оң көзқарас қалыптастыру, жаңа емле ережелерін ғылыми-негізделген және филологиялық тұрғыдан насихаттау. 2019-2020 оқу жылында осы ББ-ның 20 білім алушысы ҚАЕУ-дің ғылыми жобаларын орындаушылары болып табылады. Осы тақырып бойынша зерттеу нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, семинарларда баяндамаларда көрініс тапты. 2018-2019 және 2019-2020 оқу жылында 11 оқушы әр түрлі конференцияларға қатысып, осы тақырып бойынша сұрақтар қарастырылды. Мысалы, 6В01701 "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасының білім алушысы Идаятұлы Кәшап, Нурланова А.Н. жетекшілігімен жас ғалымдардың IX халықаралық

форумына қатысты және «Латын графикасына көшудің қазақстанның рухани-мәдени жаңғыруы жолындағы маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Мақалада "Қазақстан Республикасы халқының латын әліпбиіне бейімделуі" әлеуметтік зерттеу нәтижелерін талдады, зерттеуге осы білім беру бағдарламасының білім алушылары қатысты. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасының білім алушысы Авильхан Хуанган  Қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің ықтимал салдары» зерттеуімен «Біз. Ғылым. Қазақстан» Республикалық байқауына қатысып, латын графикасына көшудің ықтимал қиындықтары мен салдарлары мәселесін ашады.

5B011700, 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ білім алушылары «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне қоғамның әлеуметтік бейімделуінің тиімді жолдары және оны жүзеге асырудың лингвистикалық аспектілері» атты кафедраның ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысының жүзеге асырылуына белсене араласады. Бұл зерттеу университеттің Институционалды зерттеулер орталығымен бірігe отырып жасалды. Айталық, 2019 жылдың ақпан-наурыз айларында білім беру бағдарламасының білім алушылары латын графикасына бейімделу деңгейін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы тұрғындарының арасында жоспардан тыс сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 18 ден 61 жасқа дейінгі Шығыс Қазақстан облысы тұрғындары қатысты. Барлығы 224 адамнан сауалнама алынды, 201 сауалнама қазақ тілінде, 23 анкета сауалнама тілінде толтырылған (12 адам – орыс, 11 адам – қазақ).  Түрлі санаттарға жататын жауаптар бағалаудағы белгілі бір объективтілік барын көрсетіп, алынған нәтижелердің шынайлық деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Жауаптардың неғұрлым үлкен пайызы жағымды жауаптарды құрайды. Зерттеудің егжей-тегжейлі қорытындысы негізінде 3 диплом жұмысы қорғалып, бірнеше ғылыми мақала жарық көрген. Айталық, 2018-2019 және 2019-2020 оқу жылында 11 студент әр түрлі конференцияларға қатысып, осы тақырып бойынша сұрақтар қарастырылды. Мысалы, 6B01701 "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасының білім алушысы Идаятұлы Кәшап, Нурланова А.Н. жетекшілігімен жас ғалымдардың IX халықаралық форумына қатысты және «Латын графикасына көшудің қазақстанның рухани-мәдени жаңғыруы жолындағы маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Мақалада "Қазақстан Республикасы халқының латын әліпбиіне бейімделуі" әлеуметтік зерттеу нәтижелерін талдады, зерттеуге осы білім беру бағдарламасының білім алушылары қатысты. Ал мамандықтың 2019 жылғы түлегі Ниязбек Гүлнұрдің «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне қоғамның әлеуметтік бейімделуінің тиімді жолдары» атты диплом жұмысында қазақ жазуының латын графикасына ауыстырылуының лингистикалық аспектілері қарастырыла отырып, тұрғындардың қазақ әліпбиін латын графикасына ауыстыруға қанағаттануына деген жеке көзқарастары әлеуметтік сауалнама жүргізілу арқылы зерттеліп, нақтылы ұсыныстар жасалады. «Қазақ жазуының латын графикасына ауысуының лингвистикалық аспектілері» атты

З.Сагилимованың дипломдық жұмысында қазақ жазуының тарихы, жазу және жазба тіл, қазақ жазуының латын графикасына көшірудің лингвистикалық мәселелері және оларды шешу жолдары, түркі әлемі және латын жазуы, ұлттық әліпби жасаудың алғышарттары мен маңызы сияқты мәселелер қамтылған.

Мамандық студенттері Республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі әр түрлі ғылыми, әдеби іс-шараларға қатысып жүлделі орындар иеленіп келеді. Олардың бірқатарына тоқталсақ: 1. Тасқынбек Құндыз. Жазышы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы Мемлекетттік сыйлығынығ лауреаты Оралхан Бөкейдің 75 жылдығына арналған «Үлкер ауып барады» аллы қалалық жыр мүшәйрасында III орын иеленді. 2018 ж. 2. Тасқынбек Құндыз. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті және «Шабыт» ақындар орталығы ұйымдастырған «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты» атты қалалық ақындар мүшайрасында II орын иеленді. 07.12.2018ж. 3. Идаятұлы Кәшап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті ұйымдастырған «Парасаттылық және заңның үстемділігі – табысты ұлттың кепілі» тақырыбы бойынша аймақтық пікір-сайыста «Үздік ойыншы» номинацияын иеленді. 2019ж. 4. Дәурен Аян. «Жас ғалым» атты XIII Республикалық оқушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстары сайысында II орын алды. 28.04.2020ж.

Университет өзінің халықаралық дәрежесіне сай ағылшын тілінде терең білім беру миссиясын ұстануда. Сол тұрғыдан алғанда 5В011700, 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ Жұмыс оқу жоспарындағы «Шетел әдебиетінің тарихы» пәнін ағылшын тілінде оқыту жоспарлануда. Осы жоспарға сай, студенттерді У.Шекспир әлем әдебиетінің классиктерін түпнұсқа тілінде оқыту қолға алына бастаған. Мысалы, мамандықтың 3 курс студенті Жәмсап Ақерке мамандық оқытушылары Ә.Нұрланова және Н.Тургумбаеваның жетекшілігімен «Илья Франк әдісі бойынша аударма жасау» әдісі мәселесімен айналысып, осы пән аясында ағылшын тіліндегі көркем әдебиетті қазақша сөйлету тақырыбында жұмыс жасауда.

Мамандық оқытушылары студенттерге сапалы білім беру мақсатында әр түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолданып, оқу үрдісіне енгізуде. Айталық, "Хандық дәуір әдебиет" пәні бойынша Нурланова А.Н. Python-3.6.4 бағдарламасы негізінде электронды сөздік құрастырып, оны сабақ барысында пайдаланады. Жыраулдар поэзиясындағы көне сөздерге түсінік беру мақсатында құрылған бұл сөздіктің ерекшелігі – қазіргі заманға сай электронды форматта түзіліп, белгісіз сөзді іздеу барысын жеңілдетеді. Бұл сөздікке 23.04.2020 жылы ҚР ӘМ «Ұлттық зияткерлік меншік» институты РМК авторлық құқық ресімделып, Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгшізу туралы №9416 куәлік берілген.

Оқу процесіне электрондық технологиялар енгізілуде: қашықтықтан оқу процесін ұйымдастыру мақсатында жаһандық және жергілікті ақпараттық желі, электрондық пошта мен Web-порталды пайдалану арқылы кеңес беру, қашықтықтан оқыту. Сабақтың бейнематериалдары www.kafu.kzҚАЕУ сайтында бейнеотекада және және ҚАЕУ ресми You-tube-арнасында (https://www.youtube.com/watch?v=Sp4A3wlz0eM) қолжетімді.

Есеп беру кезеңінде ББ ПОҚ өзінің біліктілігін және қызметті ұйымдастырудың әр түрлі формаларынан өту кезінде студентке орталықтанған оқыту технологиялары бойынша білімін арттырған.

Білімді бақылаудың әділдігі мен бағалау жүйесінің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында 05.06.2013 жылғы ҚР МЖМБС-ның № 219 «ҚР Жоғарғы білім беру мекемелерінде ақпараттық жүйені енгізу туралы» бұйрығына сәйкес«PLATONUS» ақпараттық жүйесі қолданылады (www.platon.kafu. kz.).

Білім беру бағдарламасы білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі" негізінде ұлттық деңгейде қабылданған баллдық-рейтингтік жүйеге сәйкес жүзеге асырылады (12.10.2018 ж. № 563 өзгерістермен). Емтихан сессияларының нәтижелері «Емтихан сессияларының қорытындылары туралы мәліметтер» (№34 форма) есеп түрінде көрсетіледі және «PLATONUS» АЖ электрондық түрде құрылады.

Сарапшылар практика базаларында, атап айтқанда, «Страна чудес», Тіл орталықтары, мектептерде, колледждерде болды. Аталған практика базалары бүгінгі күн талаптарына сай жабдықталған және ББ бағдарламасының студенттеріне тиісті деңгейде дағды қалыптастырып, машықтану үшін барлық жағдай жасалған. Жұмыс берушілермен, түлектермен сұхбат нәтижесінде практика жоспарына сәйкес жүргізілетін құжаттамалардың ББ бағдарламасына сәйкес жүргізілетіні көрінді. Жұмыс берушілер практика кезінде ұқыптылығы, білімі, тапсырма орындаушылық қабілетімен көзге түскен студенттерді өздеріне жұмысқа қалдыратындығын айтты.

Жұмыс берушілермен, оқу бөлімі қызметкерлерімен сұхбат жүргізу барысында таңдау компоненттерін студент таңдауы үшін жоспарлы жұмыс атқарылмайтыны көрініс берді.

***Жағымды тәжірибелер:***

1 Білім алушылардың ҰБТ-ны тапсырудан қорытынды аттестаттауға дейінгі үдерістің оң динамикасын көрсетуі.

***Жақсарту шаралары:***

1 ҚАЕУ-дің түрлі халықаралық бағдарламалар мен гранттарға белсенді қатысуына шетелдік серіктес университеттерінің ауқымды желісі ықпал ететіндігі көрінді. Бірақ 6В01701 "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасы студенттерінің қаншалықты қатысқандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. Сондықтан студенттердің ішкі, сыртқы академиялық ұтқырлықпен білім алу көрсеткішін жақсарту шаралары қарастырылса;

2 Жұмыс берушілермен өткізілетін шараларда жаңа пәндер енгізу

мәселесі терең талданып, пәндер тұсаукесерлері жасалып, пікірлер ескеріліп, тұжырым жасалып, ұсыныстар нақты қай оқу жылына жасалғандығы туралы көрсетіліп жасалғаны дұрыс болар еді.

Анықталған ескертулерді жою үшін алға қойылған мақсатқа сәйкес жасалған шаралар жоспары жасалып, жоспар негізінде жұмыстар атқарылуы қажет деп санаймыз.

**3 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

***Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер***

Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері Білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді. Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған. Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды. Кәсіби бағдар жұмысының түрлері, халықты университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер. Жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды. Кәсіби бағдар жұмысының түрлері, халықты университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер, Жыл сайын университетте кәсіби бағдар беру жұмысынының жылдық жоспары бекітіледі және жауапты оқытушылар тағайындалады. Бекітілген кестеге сәйкес ШҚО әкімшілік аудандарында, кафедрада бекітілген Өскемен қаласындағы мектептер мен колледждерде мобильді топтар жұмыстарын жүзеге асырады (Қосымша 4.1).

Мамандық оқытушылары жыл көлемінде болашақ студенттер контингентін қалыптастыру жолында еңбек етеді. Мысалы, Қазақстан-Американдық еркін университеті «Қазақ мектептері арасында қазақ тілі мен әдебиетінен» өткізетін пәндік олимпиада облыс мектептері арасында

танымал. Себебі, осы олимпиада жеңімпаздарына университет Президенті, ҚР ҰҒА академигі Е.Мәмбетқазиевтің Қазақстан-американдық еркін университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында 4 жыл тегін оқуға мүмкіндік беретін білім гранты және жүлделі орын алған оқушыларға оқу ақысына 30,40,50 %-ға дейін жеңілдіктер беріледі. Бұл, өз кезегінде, сапалы контингент қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, университеттің әлеуметтік шараларының бірі болып табылатын талантты жастарды қолдау саясаты негізінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Қ.О.Бітібаева атындағы

Қазақ тілі мен әдебиетінен Халықаралық олимпиада жүлдегерлеріне де грант беру дәстүрі бар. Сондай студенттердің бірі – қазір унивеситет түлегі Б.Сәрсембаева бакалавриат бағдарламасын бітіріп, оқуын магистратурада жалғастырып жатыр.

5В011700, 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиетінің» білім бағдарламасының аймақтың ерекшелігіне сай, еңбек нарығына бағытталған. Өскемен қаласы тұрғындарының ұлттық ерекшелігіне байланысты екітілді қала. Сол себепті мамандық түлектері университетті тәмамдаған соң аудармашы болып та жұмыс істейді. Соған байланысты, 2017-2018 оқу жылында 5В011700, 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиетінің» білім бағдарламасының Жұмыс оқу жоспарына «Аударма негіздері» пәні енгізілген. Бұл пәннің барысында студенттерді аударманың негіздері беріліп, аударма технологиялары, әр түрлі әдістері мен тәсілдерінің қыр-сыры үйретіледі. Бұл біздің болашақ түлектеріміздің құзыреттерінің әр түрлі аспектіні қамтып, жан-жақты болуына ықпалын тигізеді.

Осы мақсатта жыл сайын Кафедраның Оқу-әдістемелік секциясының отырысына жұмыс берушілер шақырылып, олар келесі оқу жылына білім беру бағдарламасының мазмұны талқыланып, келісілді. Мысалы, № 47 орта мектеп директоры Р.А.Мухтархановның ұсынысы бойынша 2018-2019 оқу жылының таңдау компонентіне «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар», «Қазақ тілі мен әдебиетіндегі бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәндері енгізілген. Ал келесі оқу жылында, тағы да жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша «Білім берудегі IT технологиялар» пәніне «Қашықтықтан оқыту технологиялары» атты модуль енгізілу жоспарланып отыр екен. Себебі, кораноавирус пандемиясына байланысты қазіргі елімізде және әлемде қалыптасып отырған жағдай болашақ мұғалімдердің қашықтықтан оқыту технологияларын меңгеруін қажат деп санайды.

---

Білім беру бағдарламасына түскен аймақтағы колледждер мен мектеп түлектерінің сандық көрсеткіштері кафедраның жоспарлы кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі болып табылады (Кесте 4.1). Кафедра «өзінің» талапкерлерін іріктеуге және дайындауға бағытталған кәсіптік бағдар беру

жұмысын жеткілікті деңгейде жүргізіп отырған. имиджді шараларды жүргізу (білім беру бағдарламасының түлектерімен кездесу, колледж студенттері мен мектеп оқушылары үшін олимпиадалар, конкурстар, ойындар, «Ашық есік күндері», «ҚАЕУ демалыс», аға оқытушылардың дәрістеріне шақыру, соның ішінде шетелдік). Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында кафедра өткізген негізгі имидждік іс- шаралар көрсетілген (Кесте 4.2) Сондай-ақ жарнамалық - ақпараттық материалда және сайтта (анықтамалық-жол көрсеткіш) университеттік шәкіртақы, гранттар мен жеңілдіктер алу мүмкіндіктеріне қатысты үміткерлер үшін барлық ақпарат бар. Университет қолданыстағы заңнама мен ашық қол жетімді нақты әзірленген өлшемдер негізінде жоғары оқу орнына жалпы орта, техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды оқуға қабылдай алады. 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ға қабылдауды жүзеге асыру рәсімі жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жасалған педагогикалық ББ-ға түсетін тұлғаларға арналған арнайы емтихан өткізу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 маусымдағы № 269 қаулысымен бекітілген). Арнайы емтихан өткізу үшін ЖОО-да емтихан комиссиясы құрылады. Комиссия төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі. Арнайы емтихан педагогикалық ББ-да оқуға «рұқсат беру /рұқсат бермеу» шешімімен бағаланады. Педагогикалық ББ талапкерлердің өтініштерін қабылдау өздері таңдаған жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін «Бірінші курс студенттерін бағдарлау» бағдарламасы өткізіледі, оның шеңберінде білім алушылар университетпен, ПОҚ-пен, қолдау қызметтерімен, ішкі тәртіппен, оқытудың кредиттік технологиясының принциптерімен, аудиториядан тыс және спорттық өмірдің мүмкіндіктерімен, халықаралық бағдарламаларға қатысумен, ЖОО ішкі саясатының ерекшеліктерімен, академиялық адалдық Кодексінің ережелерімен және т. б. танысады. Бағдар беру апталығы аясында бірінші курс студенттерінің факультет деканы, кафедра меңгерушілері, студенттік даму орталығының директоры және студенттік активпен, халықаралық бөлім өкілдерімен кездесуі өткізіледі. Бағдар беру аптасының кестесі бойынша факультет деканы, кафедра меңгерушісі, офис-тіркеуші қызметкерлері кредиттік технология ережелері, білімді бағалау жүйесі, GPA аудару және есептеу ережелері туралы кездесулер өткізеді. Білім беру бағдарламасын оқытудың барлық нысандары мен деңгейлері бойынша білім алушылардың дипломдық жұмыстарын мемлекеттік аттестаттау және қорғау көрсеткіштері ҚАЕУ сайтында(«академиялық бағдарламалар» қосымша беті) берілген. http://www.kafu.kz/akademicheskie-programmy-ru/kachestvo-podgotovki.html).

***Жағымды тәжірибелер:*** 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі;

***Жақсарту шаралары:*** Шығыс Қазақстан облысы бойынша орта білім беретін мектептердегі оқушылардың аталған мамандықты таңдауы үшін, тиісті шаралар жоспары жасалып қана қоймай, Қазақстанның басқа өңірлерінен де талапкерлер шақыру мәселесі жолға қойылу қажет.

**4 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

## *Стандарт 5. Профессор-оқытушы құрамы*

